

«Food quality and food safety» (FQFS) (Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі) Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 20-22 қыркүйек, 2023 = «Food quality and food safety» (FQFS)(Качество и безопасность продуктов питания) материалы международной научной конференции 20-22 сентября, 2023= «Food quality and food safety» (FQFS) materials of the international scientific conference 20-22 september,2023. – Астана: КАТИУ им. С. Сейфуллина, 2023. – Б.100-101

ӘОЖ 37.013:004(045)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*А.М. Абдыров, п.ғ.д., профессор
Утепова Эльмира, 2 - курс магистранты
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ., Қазақстан*

Қазіргі таңда білім беру кеңістігінде цифрлық оқыту элементтерін қолдану процесі заман талабына сай жылдан-жылға қарқынды даму сатысында. Педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолданудың маңызы бәсекеге қабілетті, құзіретті және кәсіби маман дайындауды жеделдету, цифрлық сауаттығын арттыру, цифрлық дағдыларды қабылдату болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында адами капиталды дамытуда педагогтердің ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттеледі. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламадағы басты міндеттердің бірі: «Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және ғылымды цифрландыру» деп беріледі, ол өз кезегінде болашақ педагог маманның цифрлық дағды бойынша түсінігі мен оның маңыздылығын ұғынуға алып келетіні анық [1]. Цифрлық оқыту элементтерін педагогикалық процесте тиімді пайдалану жолдары елімізде әлде қашан жолға қойылған.

Цифрлық технологияларды білім беруде тиімді қолдануға байланысты көптеген ғылыми еңбектер арналған ресейлік ғалымдар В.И.Богословский, С.Г. Григорьев, А.Д. Иванников, К.К.Колин, А.А.Кузнецов, В.В.Лаптев, В.С.Леднев, И.В.Роберт, А.Л.Семенов, А.Н.Тихонов, А.Ю.Уваров және басқалар.

Болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру, олардың шығармашылық ізденімпаздығын, кәсіби құзіреттілігін арттыру және білім сапасын тексеруде компьютерлік техниканы қолдану мәселесі Б.Әбдікәрімұлы, Е.А.Бәтешов, Б.Т.Кенжебеков, М.Қ.Құрманов және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылды.

В.П. Куприяновскийдің еңбектерінде цифрлық дағдылар (digital skills) – дербес компьютерлерді, интернетті және цифрлық технологиялардың басқа да түрлерін қолдану саласындағы халықтың құзыреті, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алуға ниетті,-деп көрсетіледі [2]. Автордың тұжырымынан цифрлық дағдылар адамдарға сандық мазмұнды құруға және бөлісуге, қарым-қатынас жасауға және мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді оқуда, жұмыста және жалпы әлеуметтік қызметте шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру екендігін негізге аламыз.

Цифрлық қоғам – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі. Цифрлық қоғам талаптарына сай бола білу қазіргі таңда кез – келген саланын басты міндеті. Себебі, өмір ағысына сай ғылым табыстары да жылдан – жылға тез дамып, адамзатқа жеңілдіктер мен қатар алға ілгерілеудің қажеттілігін көрсетуде. Болашақ педагогтерді оқушылардың цифрлық дағдысын дамытуға даярлаудың теориялық аспектілері цифрлық дағды, цифрлық сауаттылық, цифрлық оқыту, мобильді білім, адам мен компьютер білімдік қатынасы, Е-дидактика және т.б.

Педагогика оқыту технологияларымен тығыз байланысты болғандықтан, ақпараттық-технологиялардың дамуына орай, педагогикалық білім беру процесіндегі әдіс-тәсілдер де жаңарып отырады. Оқыту технологияларының алуан түрлілігі білім алудың жаңа тәсілдерін құруға мүмкіндік береді [3].

Цифрлық педагогика білім беру процесін ұйымдастыруды ең тиімді және нәтижелі тәсілі екендігі анық [4]. Білім беру процесінде цифрлық оқыту элементтерін қолданудың жаңа жолы – кітапханалардың цифрландыруы. Білім алушылар үшін цифрлық білім алудың маңыздылығы қашықтықтан кітаптардың электронды түрде алуға қолжетімділігі болып табылады.

Цифрлық білім беру контенттерін жасау тәсілі – жалпы қолданыстағы бағдарламалық құралдарды пайдалануға болашақ мамандарды бағыттау. Microsoft Office, Macromedia Flash, Corel Draw, Adobe Photoshop, Ulead GifAnimator, Adobe Premiere серияларының бағдарламалық өнімдері, HTML-құжаттарын Macromedia DreamWeaver, Microsoft FrontPage сияқты редакциялау құралдары жатады. Сонымен қоса, қазіргі кезде кең тарап жүрген онлайн презентация жасақтаушы MS Power Point, Prezi Desktop, Sway, SlideRocket, Google Docs, 280 Slides, Photodex ProShow Producer, ПромоШОУ т.б. атап кетуге болады.

Айта кететін жайт, педагогтердің IT-саласын жан-жақты меңгеруі үшін кез-келген педагог кең жолақты Интернет желісіне қосылған ноутбукпен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана ол іздене бастайды. Олардың кәсіби деңгейіне қойылатын талаптардың бірі ретінде ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзырлығын қалыптастыру нормативтерін қарастыру көзделген. Аталған үрдістер тәжірибеге енгізілген

жағдайда, педагогтың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыруға толық мүмкіндігі болатындығы дәлелденген.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Олай болса оқу үрдісінде цифрлық контенттерді толығымен пайдалану, тақырып бойынша интерактивтік, видео-материалды әзірлеп, оны зерттеу арқылы тақырыпқа сай орындалатын тапсырмаларды анықтау және жасалу алгоритмін өздеріне құрғызу арқылы шығармашылықпен айналыса алады. Цифрлық оқытудың негізгі қағидаттарының бірі – прoцесті оңтайландыруға мүмкіндік беретін ғаламдық Интернет желісін пайдалану. Білім алушылардың ақпаратты жинақтауға, өздеріне қажетті материалды Интернет желісінен іріктей білуіне және қажетті программаны өзбетімен үйренуіне әкеледі, бір сөзбен айтқанда цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолдану озық білім беру технологиясы болып табылады. Цифрлық білім беру - білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыратын, білім алу процесін жеңілдететін жылдан-жылға дамып келе жатқан сала. Жаһандық ғылым мен инновациялық даму заманында білім алушыларға цифрлық білім беру жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Білімде шекара жоқ, заманауи цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуеті арқылы озық педагогикалық әдіс-тәсілдердің жаңара толығымен деп тұжырымдалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Текст]/ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралған күні: 15.10.2021)
- 2 Куприяновский, В.П. Навыки в цифровой экономике и вызовы системы образования [Текст]/ В.П. Куприяновский, В.А. Сухомлин, А.П. Добрынин, А.Н. Райков, Ф.В. Шкуров, В.И. Дрожжинов, Н.О. Федорова, Д.Е. Намиот // International Journal of Open Information Technologies. – М., -2017. – Vol. 5. – №1. – С. 19-25.
- 3 Элен Битэм, Рона Шарп Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу [Текст]/ XXI ғасырдағы оқыту дизайны. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019. -328 б.
- 4 Илалтдинова Е. Ю., Беляева Т. К., Лебедева И. В. Цифровая педагогика: особенности эволюции термина в категориально-понятийном аппарате педагогики [Текст]/ Перспективы науки и образования. -2019. -№ 4 (40). -С. 33–43.